

**«Қазақстан Жылыжай Технологиялары  
ЖШС жылыжай кешені жағдайындағы  
қызанақты қалыптастыру тәсілдерінің  
өнімділікке әсері»**

**Орындаған: Ергешев Қ.Т.  
Жетекшісі: Стыбаев Ғ.Ж.**

## Алқалар тұқымдасы

Алқалар тұқымдасына 2300-дей түр, 85 туыс жатады. Көпшілігі жабайы өсетін шөптесін өсімдіктер. Сиректеу жартылай бұталары да кездеседі. Алқалар тұқымдасына жататын өсімдіктердің сыртқы түрі алуан түрлі. Соған қарамастан, олардың барлығын біріктіретін ортақ белгілері болады. Жапырақтары кезектесіп орналасады. Жай жапырақтар. Жапырақ тақталары тұтас немесе жиегі тілімделген болып келеді. Гүлдері негізінен дұрыс гүл. Тек аздаған түрлерінің ғана гүлдері бұрыс гүл болып табылады.



# Қызанақ дақылы

Қызанақ негізгі көкөністік дақыл болып табылады. Ғылыми түрдегі латынша атауы *Lycopersicon esculentum* Mill. Қызанақтың отаны Оңтүстік Америка құрлығы. Мексикандықтардың ата-тегі оны «томатель» деп атаған, осыдан қазіргі томат атауы пайда болған, ал итальялықтар «помидор», яғни «алтын алма» деп қошеметтеген. Қызанақ 1778 жылдан бастап көкөніс дақылы ретінде белгілі. Жемісінде 4-7% құрғақ зат, 2-24% қант, 0,3-0,6% органикалық қышқылдар, 0,6% азотты заттар, 0,5% минералды тұздар бар. Дәрумен мөлшері бойынша ол апельсинмен лимоннан кейінгі орында. Онда 20-23 % С дәрумені, 0,6% каротин, сондай-ақ В1, В2, РР дәрумендері бар.



# **Қызанақ дақылының ауыл шаруашылығындағы алатын орны**

**Қазіргі кезде көкөніс дақылдарының ішінде қызанақ маңызды жемістік көкөніс өсімдігі ретінде маңызды орын алады. ТМД елдерінде ол 370 мың гектар жерге аудандастырылған. Орташа өнімі – 150-170 ц/га, қорғаулы жерде – 8-10 кг/м<sup>2</sup>. Қазақстанда жыл сайын орташа есеппен қызанақ 25 мың гектардан артық жерге өсіріледі. 2014 жылы үй маңайындағы жерлерде, қызанақ бүкіл егістіктің 72,3% қамтыса, шаруа қожалықтары 25,2 %-ын қамтыды. Қызанақтың негізгі егістіктері Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Жамбыл облыстарында. Ең жоғары өнімділік Алматы және Солтүстік Қазақстан облыстарында(294,4 ц/га). Қазақстанмен салыстырғанда Израильде қызанақтың орташа өнімі біршама жоғары (3000 ц/га). Қазақстанның солтүстігінде қызанақ 4 мың гектар жерге егіледі.**

# **«Қазақстан Жылыжай Технологиялары» ЖШС жылыжай кешені**

**«Қазақстан Жылыжай Технологиялары» ЖШС жылыжай кешені «ҚазАгроФинанс» АҚ қаржылай қолдауымен Ақмола облысының инвестициялық жобасы болып табылады. Компания «жылыжай кешені» 2008 жылдың наурыз айында құрылды.**

**Ауыл шаруашылығының жылыжайдағы көкеніс шаруашылығы саласы бойынша жұмыс жасайды. Жылыжай кешенінің көкеніс дақылдары өнімін өндіру бойынша жалпы көлемі 3,56 га құрайды.**

**Жалпы жұмысшалар саны 60. Шаруашылық негізінен қияр мен қызанақ, сонымен қатар салат, петрушка, укроп, руккола, баялды және тәтті бұрыш өндіреді.**

**Жылдық өндіріс қуаты :**

<b>Қияр</b>	<b>792 тонна</b>
<b>Қызанақ</b>	<b>990 тонна</b>
<b>Зелень</b>	<b>50 тонна</b>



# ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНДІРЕТІН КӨКЕНІС ДАҚЫЛДАРЫ

**«Қазақстан Жылыжай Технологиялары» ЖШС жылыжай кешені қызанақтың Мерлис, Тореро, Таганка, Эндевер, Томимаро Мучо, SV, Кумато сортүлгілері мен будандарын өндіреді.**

**Қиярдың Кураж және Мева сорттары өсіріледі. Рукколаның Покер (Гавриш) сорты, Салаттың Афицион (Rijk Zwaan) сорты, Баялдының Скорпио (De Ruiter) сорттары өсіріледі.**



**Кумато қызанағы – бұл өте танымал сорт, Ресей мен Еуропаның бірқатар елдерінде және Түркия мен Австралияда кең көлемдегі өндіріске енгізілген. Оның құрылуы кейбір құпияларды қамтиды. Кейбір дереккөздер оларды гендік модификацияны қолданбай өту арқылы алынды деп мәлімдейді және басқа көздерде бұл генетикалық түрлендірілген деп айтады. Кумато қызанағы Галапагос аралдарынан әкелінген.**



**Тореро F1 қызанағы орташадан ерте пісетін индетерминантты гибрид болып табылады. Жемісі домалақ, қызыл түсті, тығыз, жарылуға төзімді және орташа салмағы 220-280 г жетеді. Жемісін Балғын кезінде пайдаланған дұрыс. Өсімдік жабық грунтта өсіруге арналған. Аталған гибрид қызанақ мозаикасы вирусына және фузариозға төзімді болып келеді.**







**Томимаро Мучо  
индетерминантты  
қызғылт түсті  
қызанақтың сортүлгісі.  
Шынылы және пленкалы  
жылыжай кешендерінде  
өсіруге арналған. Өсімдігі  
генеративті типті. Орта  
мерзімде пісетін жоғары  
өнімді. Жемісінің орташа  
салмағы 160-180 г.  
Жылтыраған жемістері  
бір кластерде 5-7 дана  
біркелкі өнім түзеді.**

**Қызанақтың Мерлис сортүлгісі орташа көлемді жемісімен ерекшеленеді. Жемісі қызыл түсті, салмағы 150-180 г. Өте тығыз және жарылуға төзімділігі жоғары. 14 күнге дейін сақтауға болады.**



**Кураж қиярдың ерте мерзімде пісетін ресейлік сұрыптаушылардың буданы, Гавриш агрофирмасының өнімі. Жылыжай кешендерінде немесе кез келген пленкалы орталарда өсіруге негіздеп шығарылған. Өскін шыққаннан өнім түзілгенге дейін 38-44 күн қажет.**




**Қиярдың Мева сортұлгісі ортадан ерте мерзімде пісетін, партенокарпты, көлеңкеге төзімді жылтыр-жұмыр болады. Жақсы күтім жасағанда бір түйіне екі жеміс түзеді. Тамыр жүйесі мен сабағы мықты дамыған. Цилиндр формалы қою-жасыл түсті, жұқа қабықты сулы әрі қытырлақ жемісінің дәмі ерекше. Жемісінің ұзындығы 20 см, салмағы орташа есеппен 200-250 г.**




# **МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖИНАҚТАЛҒАН МӘЛІМЕТТЕР**

**Магистрлік диссертация жобасының тақырыбы  
- «Ақмола облысы Қазақстан Жылыжай  
Технологиялары ЖШС жылыжай кешені  
жағдайындағы қызанақты қалыптастыру  
тәсілдерінің өнімділікке әсері»**

**Аталған тақырып бойынша тәжірибелік іс-сана  
кезінде «Қазақстан Жылыжай Технологиялары»  
ЖШС жылыжай кешені жағдайында қызанақ  
дақылының өсіру технологиясына баса назар  
аударылды. Қызанақты жабық грунтта өсіру  
технологиясы жылыжайда өсіруге арналған  
сорттарды таңдаудан басталады.**

The background of the image shows a vast agricultural complex consisting of many long, parallel greenhouses. The structures are made of metal frames and translucent plastic or glass coverings. They are arranged in neat rows, extending into the distance. The sky is a clear, bright blue. In the foreground, there is a dirt path or road, and some sparse, dry-looking vegetation. The overall scene depicts a large-scale, organized agricultural operation.

**Жылыжай кешенінде арнайы шынылы немесе пленкалы жылыжайда өсіруге негізделген ауруларға төзімді, микроклиматтың өзгерістеріне тез бейімделе алатын, өнімділігі сәйкесінше жоғары әрі сапалы будан түрлері таңдалып алынады. Біздің жағдайда қызанақтың кең таралған Мерлис, Тореро, Томимаро Мучо және Кумато будандары өсірілуде. Аталған будандар өздеріне сай ерекшеліктерімен сипатталады. Кең көлемдегі өндіріске Мерлис және Тореро будандарын енгізген.**



**Қызанақты қалыптастырудың өнімділікке әсері үлкен болғандықтан вегетация кезеңінде күтіп баптау жұмыстарын қадағалаған жөн. Қызанақты қалыптастыру жұмыстарына тұқымды сепкеннен бастап өнімді жинап алғанға дейінгі шаралар жатады. Қызанақты қалыптастыру микроклиматтың ролі ерекше. Әр дақылдың қоршаған орта факторларына қоятын талабы болады, соған сәйкесінше температура, жылу, жарық және ылғалдылық пен су режимдерін реттеп отыру керек. Вегетация кезеңінің басында негізгі мәселе қоректік элементтер болса, өсімдік биіктеп өскенде қиналмас үшін дұрыс кеңістікті қалыптастырған жөн.**



***Назарларыңызға  
рахмет!***